

Сарқан ауданында азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Жетісу облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 6 қарашадағы № 381 қаулысы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 18-бабының 2-тармағына, 139-бабының 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Сарқан ауданында азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Мынбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ф. Маманбаев

"КЕЛІСІЛДІ" Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы Разбеков М.М. _____

_____ " " _____ ЖЫЛ

Сарқан ауданы әкімдігінің
2025 жылғы _____ № _____
қаулысына қосымша

Сарқан ауданында азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

2) психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) ауылдық маңызы бар мемлекеттік қазыналық кәсіпорны басшысы (директоры);

2) музыкалық жетекші;

3) әдіскер;

4) көркемдік жетекші;

5) сүемелдеуші;

6) клубтын менгерушісі;

- 7) хореограф;
- 8) кітапхана меңгерушісі;
- 9) кітапханашы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК